

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Медицина факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

25.09.2023 ж.

Қатысқандар: комиссия төрағасы:

1. Жумабаев Уалихан Агабекович – б.ғ.д., доцент, «Жалпы хирургия» кафедрасының доценті

Комиссия мүшелері:

1. Каукешова Нурсулу Агзамовна, «Акушерлік іс және гинекология» кафедрасының оқытушысы
2. Даулетова Меруерт, м.ғ.к. «Пропедевтика және ішкі аурулар» кафедрасының аға оқытушысы
3. Алдабергенова Шырай Адилханқызы «Жалпы хирургия» кафедрасының оқытушысы
4. Саруаров Ерболат, оқытушы, «Морфология және физиология» кафедрасының оқытушысы
5. Сердалиева Инкар Бекжигитовна, «Пропедевтика және ішкі аурулар» кафедрасының оқытушысы
6. Шалтаева Меруерт, Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің әдіскері
7. Нахипова жанат, ҚДС, докторант 1 курс
8. Тоқтасын Әбунасыр. Медицина, магистрант 1 курс
9. Орынбасар Сая, медицина, бакалавр 4 курс

Қатыспағандар: -**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның 2023-2024 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыну;
2. ББ мерзімді жаңартылуын, ҚР ҒжЖБМ БББ тізіліміне (реестр ОП) тіркелуін, және мазмұны мен құрылымының талаптарға сай рәсімделуіне мониторинг жүргізу;
3. ББ ОПҚ және тәлімгерлермен жасақталуына мониторинг жүргізу;
4. Қыркүйек айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау.

1. **Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Жумабаев Уалихан Агабекович күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алды. 2023-2024 оқу жылдары үшін сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жылдық жоспарын бекітуге ұсынылғандығын айтты, және жылдық жоспарларға шолу жасап, комиссия мүшелерімен талқылады. Ай сайынғы комиссия отырыстарын бекітіп, сол уақыт аралығына дейін жоспарға сай жұмыстар орындалу керектігі туралы тілге тиек етті.

Шешім: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның 2023-2024 оқу жылы бойынша жылдық жоспары бекітілген.

2. **Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша комиссия төрағасы Жумабаев Уалихан Агабекович Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21

ақпандағы № ҚР ДСМ-12/2020 бұйрығына сәйкес "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығына сүйене 2023-2024 оқу жылына білім беру бағдарламасы (БББ) өзгеріссіз қалды, алайда Түркия Республикасының Анкара қаласындағы Гази университетімен бірлескен қос дипломды бағдарламасы қабылданды, екі жақты келісім шарт жүргізілді.

Шешім: Факултетте іске асырылатын ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына және басқа да сыртқы және ішкі нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес, ҚР ҒЖЖБМ Реестрінде 2023-2024 оқу жылына жаңартылды, 2022-2023 оқу жылындағы мәлімет бойынша тіркелген, 2023-2024 оқу жылына ББ, НОЖ, т. б. оқу бағдарламаларының бекітілген.

3. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Жумабаев Уалихан Агабекович сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша комиссия мүшелеріне баяндама жасады. ББ ОПК және тәлімгерлермен жасақталуына мониторинг жүргізу нәтижесінде қабылданған Түркия Республикасының Анкара қаласындағы Гази университетімен бірлескен қос дипломды бағдарламасы аясында I және II курстар үшін модульдік білім беру жүйесінің іске асырылып жатқандығы, және мұның нәтижесінде курс координаторлары бастамаларымен модуль жауаптылары сайланып, пән ОПК құрамы сәйкес келетіндігі туралы айтты. Курс бойынша тәлімгерлік жағдайы жылдағыдай үрдісте орын алып, әр кафедра өзіне тиесілі курсты алып, тәрбие жұмыстарын тиісті басқармалармен жүргізетіндігін де тілге тиек ете кетті.

Шешім: 2023-2024 оқу жылы үшін ББ ОПК және тәлімгерлермен жасақталуы жоғары деңгейде орын алғандығы мониторинг нәтижесінде бекітілсін.

4. Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Жумабаев Уалихан Агабекович сөз алып күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша баяндады. Қыркүйек айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін жоғары деңгейде өткендігін саралап, комиссия мүшелеріне өз алғысын білдірді. Келер Қазан айының шаралар жоспарына шолу жасалынып, әрекет алгоритмдері құрылу керектігіне тоқталды.

Шешім Қыркүйек айы бойынша орындалған шаралар жоғары деңгейде деп танылсын, және Қазан айы шаралары үшін жоспарға сәйкес әрекет алгоритмі құрылсын.

Мәжіліс төрағасы:

У. Жумабаев

Мәжіліс хатшысы:

Е. Саруаров